



ALMATY
TOURISM
BUREAU

Visit Almaty

2025

Алматы туризмі

Саяхаттың жаңа көкжиегі



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР	5
1 ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР	6
2 АЛМАТЫДАҒЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ІС-ШАРАЛАРЫ	10
3 ҚОНАҚ ПРОФИЛІ	14
4 САПАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОСПАРЛАУ	17
5 ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ	20
6 ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ	27
7 ӘСЕРЛЕР	31
8 ТУРИСТЕРДІҢ ШЫҒЫНДАРЫ	35
9 БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС	39
ӘДІСНАМА	41
ДЕРЕККӨЗДЕР	42
БАЙЛАНЫС	43



АЛҒЫ СӨЗ



Токсейітова Ғалия

Алматы қаласы туризм
басқармасының басшысы

2025 жыл Алматыдағы туризм саласының дамуындағы маңызды кезең болды. Өткен кезеңде қала сапа тұрғысынан жаңа даму деңгейіне жетіп, Орталық Азиядағы жетекші туристік бағыт мәртебесін бекітті әрі Bloomberg және CNN нұсқасы бойынша әлем саяхатшылары ең көп таңдайтын үздік 25 бағыттың қатарына енді.

Жыл қорытындылары Алматының туристер үшін тартымдылығы артқанын айқын дәлелдейді: қалаға қатысты интернеттегі іздеу сұраныстары 1,5 есеге артып, халықаралық жолаушылар ағыны 17%-ға өсті, ал Орталық Азия мен Кавказдың негізгі қалалары арасында әуе қатынасының жиілігі бойынша Алматы аймақта жетекші орынға нық жайғасты. Қытай өсімнің негізгі драйверіне айналып, жалпы келушілер ағынының 26%-ын қамтамасыз етті. Бұл Азия бағытын дамыту стратегиясы нәтижелі екенін растайды.

Алматы тау кластерін орта мерзімді кезеңде дамытуға бағытталған кешенді шараларды іске асырудың басталуы туризм саласын дамытудағы маңызды белестердің бірі болды. Бұл бастамалар негізгі бағыттардағы іс-шараларды қамтып, тау, табиғат және белсенді туризмді, сондай-ақ оған қатысты инфрақұрылымды дамытудың тұрақты негізін қалыптастырады.

2025 жылы Алматыны халықаралық туристік нарықтарда танытуға ерекше назар аударылды. Қала Қытайдағы (Гуанчжоу, Шанхай, Бейжің) GITF және ITB, Сеулдегі SITF, Гонконгтағы ITE, Риминидегі TTG, Сингапурдағы ITB Asia,

Лондондағы WTM және Дохадағы QTM сияқты жетекші халықаралық көрмелер мен салалық алаңдарда таныстырылды. Бұл іс-шараларға қатысу халықаралық байланыстарды кеңейтуге және Алматының әлемдік туристік нарықтағы позициясын нығайтуға ықпал етті.

Іскерлік және іс-шаралар туризмі дамыту мақсатында Алматы Сингапурдағы The Meetings Show Asia Pacific, IMEX Frankfurt және Барселонадағы IBTM World сияқты негізгі халықаралық MICE алаңдарында да таныстырылды. Бұл қаланы халықаралық іс-шаралар, конгрестер және іскерлік кездесулер өткізуге арналған перспективалы алаң ретінде танытуға мүмкіндік берді.

2025 жыл Алматы үшін іс-шаралар туризмінің әлеуетін айқын көрсетті. Қалада «Реал Мадрид» қатысқан УЕФА Чемпиондар лигасының матчтарынан бастап, әлемге әйгілі жұлдыздардың концерттері мен 15 елден 100-ге жуық қолөнершіні біріктірген «ALACRAFT 2025» халықаралық қолөнер фестиваліне дейінгі ірі халықаралық іс-шаралар сәтті өтті. Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің Алматыға «World Craft City» мәртебесін беруі қаланың этномәдени және шығармашылық туризм орталығы ретінде маңызды деңгейде танылғанын көрсетеді.

Өткен жылы қаланың туристік брендин халықаралық деңгейде цифрлық ілгерілетуге бағытталған кешенді бағдарлама іске асырылды. Бағдарлама басым шетелдік нарықтарға бағытталып, халықаралық әуе компанияларымен маркетингтік ынтымақтастықты нығайтуды көздеді.

Есеп туризм саласының қазіргі жағдайын бағалау, оның болашақ даму бағыттарын айқындау және негізделген басқарушылық әрі стратегиялық шешімдер қабылдау үшін аналитикалық негіз болады.



Visit Almaty

АЛҒЫ СӨЗ



Санжар Жамалов

Қазақстан мен Орталық Азиядағы Mastercard бас директоры

Құрметті достар және әріптестер!

Mastercard – әлемдік саяхат индустриясындағы негізгі технологиялық серіктестердің бірі. Ол әртүрлі бағдарламаларды іске асыруға арналған шешімдер, технологиялар мен консалтинг қызметтерін ұсына отырып, халықаралық және ішкі туризмнің дамуына айрықша үлес қосып жатыр. Туризм – Қазақстан Үкіметі мен Mastercard арасындағы бес жылдық Digital Country Partnership келісімі аясындағы басым бағыттардың бірі.

Туризм қашанда статистика мен маршруттардан да ауқымды ұғым болып келген. Бұл – адамдар, олардың таңдауы мен алған әсерлері туралы хикаялар. Сіздерге Алматыдағы туристер ағыны мен туризм саласының дамуын талдауға арналған «Алматыдағы туризм – 2025» есебін қуана ұсынамыз. Есепті Mastercard сарапшылары анонимді транзакциялық деректер мен сыртқы дереккөздерге сүйеніп, Mastercard Tourism Insights аналитикалық платформасының көмегімен әзірлеген.

Саяхатшылардың сапарларын қалай жоспарлайтынын, билеттерді қалай брондайтынын, тұратын жерді қалай таңдайтынын және қалада уақытын қалай өткізетінін көрсететін 2024 жылғы «Алматы саяхат жолы» есебімен салыстырғанда, бұл шолу Алматыны тұтас туристік экожүйе әрі бүкіл Орталық Азия өңіріндегі тартымды орталықтардың бірі ретінде сипаттайды. «Алматыдағы туризм – 2025» есебі қалаға деген қызығушылықтың нақты сапарларға қалай ұласатынын, әуе қатынасының қолжетімділігі мен әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың туристік ағынды қалай арттыратынын және мұның қала үшін қандай экономикалық құндылық қалыптастыратынын көрсетеді.

Бұл есеп кәсіби қауымдастық – туризм саласының өкілдері, қала әкімшілігі, сала мамандары мен БАҚ үшін пайдалы құрал болады деп үміттенеміз. Біз туристердің ағындары мен қонақтардың мінез-құлқын терең түсіну неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға және шын мәнінде құнды әрі бәсекеге қабілетті туристік өнім қалыптастыруға көмектеседі деп сенеміз.

Алматы қазірдің өзінде адамдар қайта оралғысы келетін қала болу әлеуетін көрсетіп отыр. Біз қалаға деген қызығушылықтың ұзақ мерзімді өсімге және бүкіл туристік экожүйе үшін жаңа мүмкіндіктерге қалай ұласатынын бақылап, серіктестерімізбен бірге осы аналитикалық сапарды қуана жалғастырмақпыз.



Visit Almaty

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

2025 жылы Алматының туризм секторы айтарлықтай кеңейді: қалаға деген қызығушылық пен саяхат көлемі артып, туристік өнім табиғи әлеуеттің негізінде дамып келеді. Келушілер саны өсіп, Азия нарығы сұраныстың тұрақты өсу драйверіне айналды

Туризм саласындағы әлемдік трендтер

Пандемиядан кейінгі қалпына келудің жедел қарқыны мен жаһандық сұраныстың өзгеруі Қазақстан үшін туризмді кеңейтуге жаңа әрі бірегей мүмкіндіктер ашуда



2025 жылдың алғашқы тоғыз айында Қазақстанға келген туристер саны пандемияға дейінгі көрсеткіштен **42%-ға** асып түсті

Алматыдағы 2025 жылдың басты іс-шаралары

Алматының халықаралық іс-шара туризмі аренасына сәтті шығу қалыптасқан қызығушылықты экономикалық тиімділікке айналдыруға жаңа мүмкіндіктер ашты



2025 жылы Алматыда **11-ден** астам әлемдік деңгейдегі ірі іс-шара ұйымдастырылды

Қонақ профилі

Әдеттегі қонақ бет-бейнесі көбіне демалыс пен тынығуды мақсат еткен соло-саяхатшылар болып қала бермек, алайда нарық құрылымы біртіндеп топтық және отбасылық сапарлардың үлесінің артуына қарай өзгеруде



Қалаға келген туристердің **84%-ы** жеке мақсаттармен сапарлаған, ал топтық туризм үлесі **3 пайыздық** тармаққа өсті

Сапарға қызығушылық және оны жоспарлау

Алматы Орталық Азиядағы жоспарлау көкжиегі кеңейіп келе жатқан негізгі бағыттардың біріне айналууда. Қытай қызығушылық деңгейі бойынша көш бастап тұр, ал жаңа географиялық нарықтарда белсенділік жоғары



Алматыға ұшатын рейстерді іздеу 2024 жылға қарай **73%-ға** өсті.

Әуе қатынасы

Алматы өңірдегі көшбасшылық орнын нығайтып келеді, ал Қытай және Азияның жаңа бағыттары негізгі өсу нүктелеріне айналып отыр



15 елден келетін әуе тасымалы **17%-ға** өсті, ал Қытай бағыты **62%-дық** өсіммен көш бастады

Қонақжайлық инфрақұрылымы

Алматы көршілер арасында ең қымбат люкс сегменттердің біріне ие бола отырып, орташа сегментті дамыту арқылы қызмет көрсету сапасын арттырып, баға теңгерімін жақсартуда



Тұру жағдайына қанағаттану деңгейі **14%-ға** артты

Әсерлер

Қалалық мәдениет пен өнерге қызығушылық барған сайын артып келе жатыр, десе де табиғат пен белсенді демалыс – әлі де туристерді тартудың басты факторларының бірі



Алматыға деген қызығушылықтың шамамен **80%-ы** белсенді демалыс пен табиғатқа бағытталған

Туристердің шығындары

Алматы туризмнен түсетін табысты меймандардың ұзақ аялдауы мен жаңа туристердің келуі есебінен арттырып отыр: күнделікті чек айтарлықтай өспесе де, сапарға жұмсалатын жалпы шығындар көбейді



Алматыға келген меймандардың бір сапарға жұмсайтын орташа шығыны **15%-ға** артты

Болашаққа көзқарас

2026 жылы Алматы халықаралық әуе бағыттарының ауқымын кеңейтіп, жаңа мәдени кеңістіктерді іске қосу арқылы саяхаттың қолжетімділігі мен тартымдылығын бір мезгілде арттырады



2026 жылы кемінде **4 жаңа** әуе бағыты іске қосылып, **3 мәдени** кеңістік ашылады.



+40%

2025 жылы талданған елдерден Алматыға келген меймандардың шығындарының өсуі



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

1 ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР

Пандемиядан кейінгі қалпына келудің жедел қарқыны мен жаһандық сұраныстың өзгеруі Қазақстан үшін туризм саласын кеңейтуге жаңа әрі бірегей мүмкіндіктер ашуда

1.1 Қазақстан туристер ағынын әлемдік көрсеткіштен екі жыл ерте қалпына келтірді және 2034 жылға қарай туризмнің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі 11,4%-ға дейін өскен жағдайда да озық өсім әлеуетін сақтайды


Әлемдік туризм саласы пандемияның салдарын еңсеріп, ұзақ мерзімді өсім кезеңіне қадам басты. 2024 жылы туризмнің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерге дейін қалпына келіп, нақты бағамен 10%-ды немесе 10,9 трлн долларды құрады.

World Economic Forum және World Travel & Tourism Council болжамдарына сәйкес, бұл көрсеткіш 2034 жылға қарай 16 триллион долларға дейін өспек.

Орташа жылдық өсім қарқыны 4% болған жағдайда, туризмнің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі 11% болады. Орталық Азия әлемдік деңгейде ең серпінді аймақтардың қатарынан ойып тұрып орын алады: 2033 жылға дейін туризмнің аймақтық ЖІӨ-дегі үлесінің орташа жылдық өсімі болжам бойынша 6,2% болып, әлемдік орташа көрсеткіштен асып түспек.


Әлемдік ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі

2019-2024 жж. – іс жүзіндегі көрсеткіштер, 2034 ж. – болжам



Дереккөз: World Economic Forum. Travel and Tourism at a Turning Point (2025)¹

2023-2033 жж. өңір ЖІӨ-дегі туризм үлесінің орташа жылдық өсімінің болжамы



Дереккөз: World Economic Forum. Travel and Tourism at a Turning Point (2025)¹



Visit Almaty

Әлемдік нарық пандемияға дейінгі деңгейге қайта оралу процесін енді ғана аяқтап жатқан кезде, Қазақстан белсенді өсу кезеңіне өтті. Туристер ағынының 2019 жылғы деңгейден әлемдік көрсеткіштерден екі жыл алға озуы Қазақстанда жинақталған сұраныстың қалпына келу кезеңі аяқталғанын білдіреді.

2023 жылы елдегі туристер ағыны 2019 жылғы көрсеткіштерге қайта оралып қана қоймай, олардан 700 мың адамға асып, 9,2 млн құрады.

2024 жылы 15,3 млн мейман келіп, рекорд жасағаны жаңа нарық ауқымы қалыптасқанын көрсетті. 2025 жылдың алғашқы тоғыз айының нәтижелері (12,1 млн) өткен жылғы рекордтық көрсеткіштің кездейсоқ шың емес, жаңа қалыпты деңгей қалыптасып келе жатқанын айғақтайды.



Қазақстан туристер ағынын қалпына келтіруде әлемдік көрсеткіштерден


2 ЖЫЛ алда болды

2019 жылға қатысты әлемдік және Қазақстандағы шетелдік туристер ағыны

2019-2025

■ Әлемдік туристер ағынының көлемі, 2019 жылғы деңгейге қатысты, %

■ Қазақстандағы туристер ағынының көлемі, 2019 жылғы деңгейге қатысты, %



* 12,1 млн шетелдік турист – 2025 жылдың алғашқы 9 айында (қаңтар–қыркүйек) келген туристер ағыны.

Дереккөз: UN Tourism¹, «Kazakh Tourism»³ ҰК» АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы⁴, Tengri Trave⁵

Бүгінде Қазақстан әлемдік туристік картада қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі ретінде танылуда. Бұл халықаралық агенттіктердің консервативті болжамдарынан айтарлықтай озық мемлекеттік амбициялы мақсаттармен расталып отыр.

Қалпына келудің рекордтық қарқыны мен табиғи капиталға деген жоғары қызығушылықтың үйлесуі Қазақстанның халықаралық туризм мен инвестициялар үшін ең тартымды нарықтардың қатарына енуіне бірегей мүмкіндік береді.

World Travel & Tourism Council 2023 жылы Қазақстанның ЖІӨ-дегі туризм үлесі 2033 жылға қарай 4% болады деп болжады, ал ұлттық стратегия бұл көрсеткішті 2025 жылдың қорытындысы бойынша 8%-ға жеткізуді көздейді.



Visit Almaty

1.2 Әлемдік трендтер, атап айтқанда Азиядағы орта таптың өсуі мен экотуризмге сұраныстың артуы, Қазақстанның бәсекелік артықшылықтарымен тікелей үйлеседі

Қазақстандағы туризмнің байқалып отырған өсімі кездейсоқ емес, ол көбіне макротрендтермен сәйкес келудің нәтижесі. World Economic Forum-ның 2024-2025 жылдардағы («Travel & Tourism Development Index» және «Travel and Tourism at a Turning Point») баяндамаларына сәйкес, туризм саласы қалпына келу кезеңінен құрылымдық трансформация кезеңіне өтуде.

2034 жылға дейінгі кезеңде саяхатшылар профилінің өзгеруі, нишалық туризмнің дамуы және технологиялардың ықпалы негізгі үш драйвер ретінде қалыптасады. Төменде аталған өсім драйверлерінің мәні және олар Қазақстанда қалай көрініс табатыны көрсетіледі.


Туризмнің әлемдік өсу драйвері



Саяхатшылар профилінің өзгеруі: Азияның жаңа нарықтарына басымдық

Үндістан мен Қытайдағы қарқынды өсіп келе жатқан орта тап жаңа саяхат үлгілерін қалыптастыруда; болжам бойынша 2030 жылға қарай халықаралық сапарлардың¹ 25%-дан астамы осы елдердің үлесіне тиесілі болмақ.

Қазақстандағы көрінісі



Қытай мен Үндістан туризмнің алдыңғы қатарында тұр

Қазақстан географиялық жақындық пен визасыз режимнің мүмкіндіктерін іске асыруда: Қытай туризмнің негізгі №1 драйвері болды, ал Үндістан талданған 15 елдің ішінде Қазақстан үшін басты туристік нарықтардың алғашқы бестігіне енді



Нишалық сегменттер негізгі драйвер ретінде: іс-шаралар, табиғат және wellness*

Жоғары орташа жылдық өсім қарқынымен ерекшеленетін нишалық сегменттер алдыңғы қатарға шығуда: іс-шаралар туризмі (16%), экотуризм (14%), MICE** (9%) және wellness-туризм (8%)¹



Экотуризм – басты бағыт, ал іс-шаралар туризмі – болашақ даму драйвері

Қазақстан табиғи капитал көрсеткіші бойынша өңірде көш бастап тұр (3,64 балл, ал өңір⁶ бойынша орташа көрсеткіш – 2,12). Табиғатты туристерді тартудың негізгі тірегі ретінде пайдаланып, оны іс-шаралар туризмімен толықтыру арқылы ел өз көшбасшылығын нығайта алады



Технологиялар – туристің «үздіксіз» сапарының құралы

Travel Tech нарығы (2024 жылы шамамен 10 млрд \$ деп бағаланған) 2034 жылға қарай екі есеге өседі деп күтілуде.¹ Технологиялар туристерді тартудың негізгі құралдарының біріне айналып, сервистердің икемділігі мен ашықтығын арттырады, бірақ сонымен бірге жаңа тәуекелдерді де қалыптастырады.



Цифрландыру – негізгі басымдықтардың бірі

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан туризм саласындағы АКТ дайындық деңгейі бойынша өңірде⁶ екінші орынға ие болды, ал туризмді одан әрі цифрландыру мемлекеттік деңгейде⁷ басым бағыт ретінде белгіленді

*Wellness – физикалық, психикалық және эмоциялық саулықты сақтау мен жақсартуға бағытталған тәсіл.

**MICE – Meetings, Incentives, Conferences, Exhibitions, іскерлік туризм саласы.

Дереккөздер: World Economic Forum. Travel and Tourism at a Turning Point (2025)¹, World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index 2024⁶, ҚР туристік саласын дамыту тұжырымдамасы⁷, Mastercard Tourism Insights



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

2 АЛМАТЫДАҒЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ІС-ШАРАЛАРЫ

Алматының халықаралық іс-шара туризмі аренасына сәтті шығуы қалыптасқан қызығушылықты қаланың экономикалық тиімділігіне айналдыруға жаңа мүмкіндіктер ашты




2.1 2025 жыл Алматыдағы іс-шара туризмнің әлеуетін көрсетті: ең үлкен экономикалық нәтижені ең танымал үш іс-шара берді, ал басқа іс-шаралар қалаға деген қызығушылықтың артуына әсер етті

WEF-тің 2025 жылғы есебіне¹ сәйкес, музыкалық фестивальдер мен спорттық туризмді қамтитын іс-шара туризмі саласы екі таңбалы өсім қарқынын көрсетуде. Турист көрермен немесе белсенді қатысушы ретінде қатысатын спорттық туризм сегменті 2023 жылы 609 млрд \$ деп бағаланды және болжам бойынша орташа жылдық 16% өсім қарқынымен 2032 жылға қарай

1,7 трлн \$-дан асатын болады. 2025 жылы Алматыда халықаралық Mastercard карталары бойынша транзакциялар көлеміне ең айқын әсер еткен үш негізгі іс-шара:

- спорт: «Қайрат» – «Реал Мадрид» футбол матчы;
- музыкалық концерттер: Дженнифер Лопес және Backstreet Boys концерттері.

Алматы қаласында халықаралық Mastercard карталары бойынша транзакциялар көлемінің жыл басындағы 2-аптасына қатысты динамикасы 2024-2025 жж.



- | | |
|---|--|
| 1 12 жел. 2024 ж. Астана – Челси футбол матчы | 7 28 қыр. 2025 ж. Алматы марафоны |
| 2 21 май. 2025 ж. Thirty Seconds to Mars концерті | 9 11-19 қаз. 2025 ж. Алматы Ореп теннис турнирі |
| 4 26 там. 2025 ж. Қайрат – Селтик футбол матчы | 10 21 қаз. 2025 ж. Қайрат - Пафос футбол матчы |
| 5 5-7 қыр. 2025 ж. Park Live Festival | 11 9 жел. 2025 ж. Қайрат - Олимпиакос футбол матчы |

* Іс-шараға дейінгі және одан кейінгі екі аптадағы сәйкес аптаның күндері бойынша орташа көрсеткіштерге қатысты. Іс-шара кезеңі өткізу күнін/күндерін, сондай-ақ іс-шараға дейінгі және одан кейінгі 1 күнді қамтиды.

Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер



Visit Almaty

Үш негізгі іс-шарадан бөлек, 2025 жылы Алматы туристерді басқа да ауқымды іс-шаралар арқылы тартты: Чемпиондар лигасының матчтары, Almaty Marathon (шам. 1400 шетелдік), Almaty Open теннис турнирі (шам. 9 млн әлемдік трансляция көрермені), Thirty Seconds to Mars концерті және Робби Уильямс пен Мэрилин Мэнсон қатысқан Park Live фестивалі.

Жоғары медиалық резонансқа қарамастан, халықаралық карталар бойынша транзакциялардағы әсер біркелкі болмады: іс-шараға дейінгі және одан кейінгі екі аптадағы орташа деңгеймен салыстырғанда шығындардың елеулі өсімі «Қайрат» – «Реал Мадрид» матчы (+16%) және Дженнифер Лопестің концерті (+11%) кезінде байқалды.

Іс-шара күндері Алматыға талданған 15 елден жаңа меймандар ағынында айқын өсім байқалмады. Дегенмен іздеу белсенділігі тамыз айында

(«Қайрат» матчы мен Backstreet Boys концертіне дайындық кезінде) және Дженнифер Лопес концертінің алдында шілде айында шарықтау шегіне жетті.

Алдыңғы екі жылда осы айларда салыстырмалы өсім байқалмаған. Бұл іс-шаралардың туристік триггер ретінде әсер ете бастағанын және жоғары маусым жағдайында да сапар жоспарлауына ықпал ететінін көрсетеді. Іздеу динамикасы туралы толығырақ 4-тарауда ұсынылған. «Сапарға қызығушылық және оны жоспарлау».



11-ден астам

әлемдік деңгейдегі ірі іс-шара 2025 жылы Алматыда өтті.

2.2 Өзіндік фан-базасы қалыптасқан іс-шаралар қала деңгейінде шектеулі әсер көрсетуі мүмкін, бірақ меймандардың белгілі бір сегменттерінде елеулі нәтиже береді

Қала деңгейінде ірі іс-шаралардың әсері әрдайым шығындардың тұрақты жалпы өсімі ретінде көрінбейді: жаңа меймандар келгеннің өзінде, ол күнделікті сұраныс пен маусымдық өзгерістер аясында жұтылып кетуі мүмкін. Әсіресе экономикалық әсердің жалпы қалалық агрегаттарда емес, нақты туристік топтардың ішінде байқалуы маңызды. Бұл көбіне іс-шараның айқын мақсатты аудиториясы бар сегменттерде көрінеді.

«Астана – Челси» матчы кезінде қаладағы транзакциялардың жалпы көлемі төмендегенімен, Ұлыбританияда шығарылған Mastercard карталары бойынша айқын өсім тіркелді: Желтоқсан айының орташа деңгейіне қатысты транзакциялар көлемі +28%-ға, ал карталар саны +35%-ға артты.

«Қайрат – Реал Мадрид» матчы қаладағы транзакциялық белсенділіктің өсуімен қатар жүрді, бірақ ең айқын әсер испан сегментінде байқалды: «Реал Мадридтің» отаны саналатын Испанияда шығарылған Mastercard карталары бойынша транзакциялар көлемі іс-шараға дейінгі және одан кейінгі екі аптадағы орташа деңгеймен салыстырғанда +81%-ға, ал белсенді карталар саны +25%-ға артты.


Музыкалық концерттер немесе Almaty Marathon сияқты жаппай спорттық іс-шаралар кезінде талданған 15 ел бойынша мұндай географиялық өсім байқалмайды: қызығушылық кең аудиторияны қамтығанымен, нақты халықаралық фан-базаға тәуелділігі төмен, сондықтан шетелдік меймандар ағыны елдер арасында таралып, транзакциялық көрсеткіштерде айқын көрінбейді.




Visit Almaty

Астана – Челси футбол матчы

12 жел. 2024 ж.




 Ұлыбритания банктерінің карталары бойынша **транзакциялар көлемінің өсімі +28%***



 Ұлыбританияда шығарылған **белсенді карталар санының өсімі +35%***

*2024 жылғы желтоқсанның басқа күндеріндегі орташа көрсеткіштерге қатысты. Іс-шара кезеңі өткізу күнін және оған дейінгі әрі кейінгі бір күнді қамтиды.



Ұлыбританияда шығарылған Mastercard карталары бойынша динамика, 2024 жылғы желтоқсан (01.12.2024-ке қатысты)


 Транзакциялар көлемінің өсімі, %
 Іс-шара кезеңі*




Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер

«Қайрат – Реал Мадрид» футбол матчы

30 қыр. 2025 ж.




 Испания банктерінің карталары бойынша **транзакциялар көлемінің өсімі +81%***



 Испанияда шығарылған **белсенді карталар санының өсімі +25%***

*Іс-шараға дейінгі және одан кейінгі 2 аптадағы сәйкес аптаның күндері бойынша орташа көрсеткіштерге қатысты. Іс-шара кезеңі өткізу күнін, сондай-ақ іс-шараға дейінгі және одан кейінгі 1 күнді қамтиды.



Испанияда шығарылған Mastercard карталары бойынша динамика, 2025 жыл (жылдың 2-аптасына қатысты)

 Транзакциялар көлемінің өсімі, %
 Іс-шара кезеңі*



Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

3 ҚОНАҚ ПРОФИЛІ

Әдеттегі қонақ бет-бейнесі көбіне демалыс пен тынығуды мақсат еткен соло-саяхатшылар болып қала бермек, алайда нарық құрылымы біртіндеп топтық және отбасылық сапарлардың үлесінің артуына қарай өзгеруде



3.1 Алматы іскерлік туризммен салыстырғанда рекреациялық туризмнің жылдам өсу қарқынының аясында Lifestyle бағыты ретіндегі орнын нығайтуда

Алматы рекреациялық туризм орталығы ретіндегі мәртебесін күшейтіп келеді: 2025 жылы сапарлардың негізгі мотиві ретінде бос уақыт пен демалыс басым болып, меймандар ағынының құрылымында іскерлік сапарлардың үлесі салыстырмалы түрде азайды.

Іскерлік туризмнің үлесі 21%-дан 16%-ға дейін қысқарды, бірақ бұл іскерлік сұраныстың әлсіреуін білдірмейді, керісінше, жеке мақсатпен келу сапарларының жылдам өсуімен түсіндіріледі. Бұл үрдіс Орталық Азия мен Кавказдың негізгі туристік бағыттарының


барлығында байқалғанымен, Алматыда ол ерекше айқын көрініс табады.

Сонымен қатар іскерлік сегменті қаланың туристік профилінің маңызды бөлігі болып қала береді. Сапардың іскерлік мақсаты Түркиядан келген меймандардың шамамен үштен бірінде басым (34%), сондай-ақ Италия (28%) және Қытайдан (20%) келген туристер арасында да елеулі үлеске ие. Бірқатар елде 2024 жылмен салыстырғанда өсім байқалады. Мысалы, Малайзияда (+2,5 п.т.) және Катарда (+1,5 п.т.).

Қалаға келген туристердің келу себептері бойынша құрылымы

2024-2025 жж.

■ Жеке мақсаттар, % ■ Іскерлік мақсаттар, % XX Жеке туризм үлесінің өзгеруі, 2024-2025 жж., п.т.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights

3.2 Соло-туристер меймандар ағынының негізгі өзегі саналады, ал отбасылық сегмент өсімнің жаңа векторына айналып келеді

Жеке саяхаттайтын туристер әлі де ең ірі топ болып саналады. 2025 жылы олар Алматыға келген барлық мейманның 37%-ын құрады, дегенмен олардың үлесі 3,5 п.т. төмендеді. Осы ретте отбасылық сегмент ең белсенді өсім көрсетті: 2024 жылмен салыстырғанда +2,4 п.т.

Отбасылық туризмнің көшбасшылары – Парсы шығанағы елдері: Сауд Арабиясы, БАӘ және Қатар (қонақтардың сәйкесінше 35%, 35% және 30% отбасыларымен келеді). Келушілер ағынының құрамында Қазақстан мен

басқа да елдердің азаматтары, оның ішінде отбасыларымен бірге саяхаттап жүргендер де бар екенін ескерген жөн. Бұл осы бағыттарда тіркелген отбасылық сапарлардың жоғары үлесін ішінара түсіндіреді.

АҚШ, Оңтүстік Корея және Франция соло-сапарлардың ең көп үлесі бар елдер болып қала береді: 50-48% – осы елдерден келетін жалпы ағын ішіндегі соло-туристер үлесі.



Visit Almaty

Малайзия нарығында форматтың ең күрт өзгеруі байқалды: жеке сапарлардың үлесі 29%-дан 20%-ға дейін төмендеп, бұл достармен сапарларға жол берді (28%).

Келушілердің құрамы тұрғысынан Алматы жалпы алғанда аймақтық үлгіні ұстанады: көптеген ұқсас қалаларда топтық келушілердің үлесі біртіндеп артып келеді немесе тұрақты деңгейге жақындап келеді. Сонымен қатар Алматының қарқыны ерекше көз тартады: топтық туризмнің айқынырақ өсімі тек Бакуде тіркелген (~+4 п.т.).


Құрылымдық тұрғыдан Алматы ерекшеленеді: қарастырылып отырған қалалар арасында мұнда жұппен жасалатын сапарлардың үлесі ең төмен, ал достармен келу үлесі ең жоғары.

Мұндай «достармен саяхат» моделі Алматының белсенді демалыс бағыты ретінде позициялануымен үйлеседі: белсенді демалыс түрлері мен табиғаттың сапар мотиві ретінде өте танымал болуы дәл осы сегменттің тұрақты басымдығын түсіндіруі мүмкін.


Туристердің әлеуметтік топтар бойынша бөлінуі, қалаға келетіндердің %-ы

Соло-туристер Жұптар Отбасылар Достар

Алматы, 2024-2025 жж.



Орталық Азия мен Кавказдың басқа қалалары, 2025 ж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

4 ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

Алматы – Орталық Азиядағы жоспарлау көкжиегі кеңейіп келе жатқан негізгі бағыттардың бірі. Қытай іздеулер саны бойынша көш бастап тұр, ал жаңа географиялық нарықтарда белсенділік жоғары



4.1 Әлемде танылу: Bloomberg және CNN нұсқасы бойынша Алматы 2025-2026 жылдары әлемдегі ТОП-25 туристік бағыттың қатарына енді

Bloomberg⁸ және CNN Travel⁹ сияқты беделді халықаралық БАҚ Алматыны 2026 және 2025 жылдарға арналған ең ТОП-25 бағыттың тізіміне қосты, қаланы «мәдени орталық» және Орталық Азияның жаңа «Тартымдылық астанасы» (Capital of Cool) деп таныды.

Сарапшылар қаланың рекордтық танымалдығын және бірегей ерекшелігін атап көрсетеді: заманауи өнер мен Neo

Nomad концептілік асханасына салынған ірі инвестициялар Тянь-Шаньның қол тимеген табиғи ландшафттарына жақын орналасуымен үйлеседі. Басылымдардың мәліметі бойынша, дамыған әуе қатынасы және туристерге қолайлы визалық режим Алматының әлемдегі ең ашық және перспективалы туристік хабтардың бірі ретіндегі мәртебесін нығайтты.

4.2 Танылудан рекордтық сұранысқа дейін: Алматыға қызығушылық шамамен 1,5 есеге өсті, ал саяхат жоспарлары орта есеппен 8 күн ертерек басталуда

Алматы негізгі аймақтық әуе хабы ретіндегі өз орнын әрі қарай нығайтуда: жыл соңына қарай қаланың Орталық Азияға шығатын рейстерді іздеуге деген сұраныс үлесі 28%-ды құрады (2024 жылмен салыстырғанда +2 п.т.). Өткен жылмен салыстырғанда сұраныстар санының өсуі 73%-ды құрады, ал 2023 жылғы деректермен салыстырғанда қаланың танымалдығы шамамен 2,5 есеге өсті.

Жыл бойы сұраныстың таралуы қарқынын сақтап қалды: шілде мен тамыз айларында айқын шыңдар байқалды. Бұл қыркүйектегі белсенді іс-шаралар маусымына дайындалған туристермен байланысты.


Желтоқсан айында тіркелген

белсенділіктің төмендеуі 2025 күнтізбелік жыл ішіндегі саяхатқа деген сұраныстарды ескеретін зерттеу әдіснамасына байланысты; болашақ саяхат кезеңдеріне қызығушылық келесі есептер циклінде көрініс табады.

28%
Орталық Азияның барлық қаласы арасында Алматыға әуе билеттеріне сұраныстардың үлесі

+73%
Алматыға әуе билеттерін іздеу сұраныстарының өсуі 2024-2025 жж.

Іздеу күні бойынша Алматыға әуе билеттерін іздеу сұраныстарының саны, млн 2023-2025 жж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

Нарықтың негізгі индикаторы сапар жоспарлау кезеңінің орташа ұзақтығының 8 күнге артуы болды. Қазір ол 46 күнге тең. Бұл циклдің ұзаруы екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұл алдын ала жоспарланбаған сапарлардың үлесі азайып жатқанын көрсетеді.

Бұл қонақжайлық индустриясы үшін сұраныстың болжамдылығын арттырады. Екінші жағынан, іздеу көкжиегінің ұлғаюы Алматының логистикалық тұрғыдан қиын бағыт болып қала беретінін, туристердің сапар жоспарын мұқият жоспарлауын талап ететінін көрсетуі мүмкін.



46 күн

Алматыға рейстерді алдын ала іздеудің орташа уақыты




+8 күн

2024-2025 жылдар аралығында іздеудің орташа уақытының ұлғаюы

4.2 Іздеу сұраныстарының саны бойынша Қытай көш бастап тұр, ал екінші эшелондағы нарықтар да қарқынды динамика көрсетуде

Елдер бойынша Алматыға әуе билеттерін іздеу сұраныстары, млн сұраныс 2024-2025 жж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights

Талданған 15 елдің барлығында әуе билеттерін іздеу сұраныстарының артуы байқалды, Қытайда көрсеткіштер бір жылда екі есеге жуық артып, айқын көшбасшыға айналды.

Іздеу көлемі бойынша алғашқы төрт ел: Қытай, Үндістан, БАӘ және Түркия – нақты келушілер саны бойынша алғашқы төрт елмен бірдей. Бұл цифрлық қызығушылықтың нақты келушілермен өзара байланысты екенін растайды.

Алматыдағы дамып келе жатқан туристік нарықтарда ерекше серпінді өсім байқалды: Филиппин, Сингапур, Қатар, Франция және Италия. Әзірге бұл бағыттардағы көлем төмен, алайда жылдық өсім қарқыны 100%-дан асады. Бұл әуе ұсынысы қолдау тапқан жағдайда сұранысты ауқымды түрде арттыру әлеуетін көрсетеді.



Visit Almaty



Visit Almaty

АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

5 ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ

Алматы Орталық Азия авиациясындағы көшбасшылығын нығайтуда: жолаушылар тасымалының өсуіне әуе бағыттарының дамуы және сұраныстың Азияға қарай ауысуы қолдау көрсетеді

Бөлімнің көрсеткіштері талданған 15 елден Алматыға келген барлық адам үшін есептеледі және тек осы елдердің тұрғындарын емес, сонымен қатар сапардан оралған Қазақстан азаматтарын, сондай-ақ басқа елдердің азаматтарын да қамтиды



5.1 Алматы серіктес елдерді қамтуы әлі де шектеулі болғанына қарамастан, басқа қалалар арасында ең жоғары ұшу жиілігіне байланысты 2025 жылы 17%-ға көп жолаушыны қарсы алды

2025 жылы Алматы әуежайының қызмет көрсеткіштері оның елдің халықаралық әуе тасымалы жүйесіндегі негізгі торап мәртебесін растайды, сонымен қатар ұшу географиясын кеңейту әлеуеті сақталып отыр.

Елге тікелей рейстердің 60%-дан астамы осы қалаға тиесілі.

Орталық Азия мен Кавказдың негізгі қалалары арасындағы әуе қатынасы көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы Алматы қаласының жағдайының екіұшты сипатын көрсетеді.



1,2 млн

жолаушы 2025 жылы Алматы әуежайына талданған 15 елден келді



+17%

2024 жылмен салыстырғанда талданған 15 ел бойынша жолаушылар ағынының өсімі

2025 жылы талданған 15 елден Алматыға халықаралық жолаушылар ағыны 1,2 млн адамды құрады. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17%-ға өсім тіркелді. Бұл бағыттың қуаты мен сұранысының тұрақты кеңейіп жатқанын көрсетеді.

Қазір Алматы – Қазақстанға келетін шетелдік туристердің негізгі кіру нүктесі.

1. Ұшу жиілігі бойынша көшбасшылық. Алматы 15 мақсатты елден аталған қалаларға ұшатын рейстердің жалпы санының шамамен 30%-ын қабылдап, тасымалдау көлемі бойынша бірінші орында тұр. Бұл Алматы авиациялық торабында жолаушылар ағынының жоғары шоғырланғанын көрсетеді.
2. Әуе қатынасы географиясының шектеулілігі. Талданған 15 елден келген жолаушылар үшін Алматыға рейстердің саны бойынша (тікелей және бір реттік брондау арқылы транзиттік рейстерді қоса алғанда) қала салыстырылып отырған аймақтық орталықтар арасында төртінші орында.


Әуе қатынасының негізгі көрсеткіштері 2025 ж.



Рейстер саны, мың



Ұшып шығу елдерінің саны, дана



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights




Visit Almaty


5.2 Қытай, БАӘ және Түркия барлық жолаушылар ағынының 60%-дан астамын құрайды. БАӘ-ден көрсеткіштердің тұрақты болуы және Түркиядан келетін тасымалдың қысқаруы аясында өсімнің негізгі драйвері Қытай болып отыр


Қытай Алматыға кіріс әуе жолаушылар ағыны өсімінің негізгі драйверіне айналды: 302 мың жолаушы келді. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 55%-ға жоғары. Ел алғаш рет бірінші орынға ие болды. БАӘ-ні басып озып, қала үшін туризмнің негізгі кезі ретіндегі мәртебесін нығайтты. БАӘ 21% үлесімен екінші орынды сақтап қалды, дегенмен мұндағы өсім бірқалыпты деңгейде

қалып отыр: жылына орта есеппен +3%. Түркия бағытында төмендеу байқалады: 2025 жылға -11%, ал соңғы үш жылда орта есеппен -3%. БАӘ мен Түркияның жетекші позициялары тек туристік қызығушылықпен емес, сонымен қатар олардың ең ірі әуежайларының маңызды халықаралық әуе хабтарының қатарына кіруімен де түсіндіріледі.

Алматы әуежайына келетін жолаушылар саны, ұшып шығу елдері бойынша 2025 ж.

 Жолаушылар саны, 302 мың – 1 мың. **X.** Ел: жолаушылар саны, жалпы санының %-ы

 XX% 2023-2025 жж. туристер ағынның орташа жылдық өсу қарқыны.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

Ағынның айтарлықтай бөлігі транзиттік бағыттар, оның ішінде Алматыға қайтып келетін Қазақстан азаматтары есебінен қалыптасып, БАӘ мен Түркияның жалпы логистикадағы маңызын арттырады.

Басқа бағыттардың ішінде Малайзия ерекше көзге түседі, ол келу көлемін екі есеге жуық арттырды (2024 жылға қарай 22 мыңнан астам жолаушы). Үндістан (жалпы ағынның 8%-ы) және Оңтүстік Корея (7%) да айтарлықтай өсім көрсетіп, жыл ішінде 18%-ды құрады.

5.3 Жазғы маусымда Алматыға ұшудың орташа бағасы 465 долларға дейін өсіп (+2%), ең жоғары деңгейге жетті. Бұл ретте нарықтың жалпы әртектілігі аясында Қытайдан келетін рейстердің бағасы 26%-ға төмендеді

2025 жылы Алматының авиациялық қолжетімділігі орта есеппен тұрақты сақталды, бірақ әртүрлі бағыттар бойынша айтарлықтай өзгерді. Бұл өзгерістер жалпы бағаның өсуінен емес, маршруттық желінің қайта құрылуымен, әуе тасымалдаушылардың ротациясымен және жекелеген хабтардың күшеюімен түсіндіріледі.

болуы мүмкін: Жазда Стамбұл Еуропа мен Азия арасындағы аса қарқынды транзиттік дәліз қызметін атқарады, ал маусымдық сұраныстың жоғары болуы қала үшін сыйымдылыққа қатысты бәсекені күшейтеді. Түркиядағы жазғы маусым да әсер етеді, себебі баға динамикасы жазғы демалыс кезеңінде Алматыға ұшатын билеттерді де қамтиды. Дохада да осындай логика болуы мүмкін: жазда транзит артады, ал баға жоғары болып қала береді.



\$465

2025 жылы ұшудың орташа құны
2024 жылға қарай 2%-ға өсті

Қысқы бағаның өсуі тек екі елге ғана тән: БАӘ (жылдық орташа көрсеткішке +17%) және Малайзия (+5%). Бұл бағыттардағы өсім, ең алдымен, туристік маусымның шарықтау шегі болатын қыс мезгілінде, Қазақстан тұрғындарының сыртқа шығу белсенділігіне байланысты.

Алматыға әуе билеттерінің орташа бағасы 465 \$-ды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда небәрі 2%-ға жоғары. Сонымен бірге нарықтар арасындағы айырмашылықтар едәуір: ең қымбат рейстер Германия, Ұлыбритания мен Қатардан, ал ең қолжетімді рейстер БАӘ мен Үндістаннан. Германия мен Үндістаннан келетін рейстің орташа бағасы арасындағы айырмашылық 602 \$-ды құрайды. Қалаға «кіру бағасы» тек қашықтықпен ғана емес, сонымен қатар нарықтың ұшақтар, слоттар және орындар үшін қаншалықты бәсекелесетінімен де анықталады. Әсіресе Алматы транзиттік тізбектерге кіріктірілген жағдайда.

Сонымен қатар кейбір аймақтар маусымдық факторларға төмен сезімталдық танытады: Қытай, Сауд Арабиясы және Италия. Қытай үшін бұл әуе қатынасының дамыған және тез кеңеюін көрсетуі мүмкін. Бұл сонымен қатар бір бағыт бойынша орташа бағалардың айтарлықтай төмендеуімен сәйкес келеді: 2024 жылға қарай –26%.

Жаз мезгілінде ұшу құны әдетте жоғары болады, бұл әсіресе Қатар (+30% орташа жылдық деңгейге қатысты), Ұлыбритания (+27%) және Түркия (+24%) бағыттарында айқын көрінеді. Түркия үшін бұл құбылыстың түсіндірмесі көбіне техникалық сипатқа ие




Visit Almaty

Ұшып шыққан елдер бойынша Алматыға ұшып барудың орташа құны*, \$

2025 ж.

Ел 2025 жылы ұшудың орташа құны, 2024 жылға қарай өзгеріс %

● Жазғы бағаның шыңы
 ● Қысқы бағаның шыңы
 ● Айқын маусымдық ауытқушылық байқалмайды
▬ Ай сайынғы орташа ұшу құны, \$



*Орташа бағаларды есептеу кезінде тек Алматы әуежайына тікелей рейстер ғана ескерілді.
 Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

5.4 Air Astana жетекшілік ететін дәстүрлі әуе компаниялары нарықтың 70%-ын ұстап отыр, ал Дубай Қытай әуежайларының қарқынды өсуі жағдайында негізгі хаб ретінде сақталуда

Жолаушылардың шамамен төрттен үшеуі қалаға тікелей рейстермен келді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,5 пайыздық тармаққа жоғары. Бағыттар географиясының кеңеюіне қарамастан, лоукостерлер трафиктің шамамен 30%-ын ғана құрап, әлі де азшылықта қалып отыр. Air Astana үшінші жыл қатарынан Алматыдағы әуе тасымалдаушылар арасында көшбасшы болып қалып, жолаушылар ағынын 28%-ға арттырды және қалаға келетін халықаралық рейстердің 30%-ын құрады. Алғашқы 10 әуе компанияның ішінде тек Turkish Airlines көрсеткіштердің төмендеуін тіркеді, бұл IST әуежайы арқылы өтетін жолаушылар ағынының қысқаруына байланысты болды.



76%

жолаушы 2025 жылы Алматыға тікелей рейстермен келді.

Төменде 2025 жылғы Алматыдағы әуе қозғалысының географиясы мен құрылымындағы негізгі өзгерістер келтірілген.

Қытай: жаңа бағыттардың ашылуына байланысты бағаның төмендеуі көлік ағынының күрт артуымен қатар жүрді. 2025 жылы China Eastern Шанхай–Пудунь бағыты бойынша, Air Astana Гуанчжоуға, ал Air China Бейжіңге жаңа рейстер ашты. Жолаушылар саны бойынша үшінші жыл қатарынан алғашқы 2 әуе компанияның қатарына кірген China Southern әуе компаниясы тасымал көлемін тағы 37%-ға арттырды, ал Loong Air 60%-ға өсті. Әуежайлар арасында ең жоғары өсім Үрімжіде байқалды – +52%, ол өсім қарқыны бойынша тек Куала-Лумпурдан, сондай-ақ Бейжің Daxing (+56%) және Гуанчжоудан (+45%) кейін тұр.

БАӘ қыркүйек айында Wizz Air арзан әуе компаниясының рейстерін қымбатырақ Air Arabia компаниясы ауыстырғаннан кейін бағаның шамалы өсуін байқады. Бұл ауыстыру жалпы динамикаға әсер етті: Air Arabia әуе компаниясы тасымалдау көлемін 28%-ға арттырды, ал flydubai тұрақты деңгейде қалды. Сонымен қатар Дубайдағы DXB әуежайы үшінші жыл қатарынан Алматыға келушілер саны бойынша өңірдегі ең ірі әуе қақпасы мәртебесін сақтап отыр.

2025 жылдың көктемінде Air Astana компаниясының Мумбайға тікелей рейсінің ашылуы **Үндістан бағыты** бойынша трафик құрылымын өзгертті: Делиден келетін жолаушылар ағыны 20%-ға төмендеп, жаңа бағытқа қайта бөлінді. Соған қарамастан, Дели қалаға әуе қатынасының негізгі алтылық қатарында қалды.

Оңтүстік Корея Инчхон бағыты бойынша Eastar Jet лоукостерінің рейстерін іске қосу арқылы нарықтағы қатысуын арттырды, нәтижесінде әуе билеттерінің орташа бағасы 15%-ға төмендеді. Нәтижесінде ICN әуежайы Стамбұлдың IST әуежайын басып озып, Алматыға келу саны бойынша үшінші орынға шықты. Бұл жаңа ұсыныстардың пайда болуымен және оңтүстіккореялық жолаушылар ағынының бір әуе хабында шоғырлануымен байланысты.





Малайзия ең әсерлі өсім қарқынын көрсетті: шілдеден бастап AirAsia X рейстерінің жиілігі аптасына беске дейін артты, нәтижесінде Куала-Лумпур әуежайында (KUL) жолаушылар ағыны 74%-ға, ал әуе компаниясының өзінде 84%-ға өсті.

2025 жылдың маусымында Франкфуртқа жаңа Air Astana рейсінің ашылуы **Германиямен** әуе байланысын күшейтті, алайда өсім өткен жылмен салыстырғанда +7% деңгейінде қалып, қалыпты қарқын көрсетті.



Visit Almaty

2025 ж. ұшып шығу әуежайлары бойынша Алматыға халықаралық рейстер саны және әуежайлар саны, мың рейс*
2023-2025 жж.



Әуежайдың IATA коды және орналасқан қаласы

AUH – Абу-Даби	CAN – Гуанчжоу	ESB – Анкара	IST – Стамбұл	SHJ – Шарджа
AYT – Анталья	DEL – Дели	HGH – Ханчжоу	PEK – Бейжің	URC – Үрімжі
BOM – Мумбай	DXB – Дубай	ICN – Инчхон	PKX – Бейжің	

* Деректер ұшып шығу әуежайы бойынша ұсынылады және бір реттік брондау аясындағы транзиттік маршруттарды қамтиды.

Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

6 ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Алматы аймақтағы негізгі қалалар арасында ең қымбат люкс сегменттердің біріне ие бола отырып, орташа сегментті дамыту арқылы қызмет көрсету сапасын арттырып, баға теңгерімін жақсартуда



6.1 Алматыда қонақүй қызметіне қанағаттанушылық айтарлықтай артты, алайда аймақтық көшбасшылар деңгейіне жақындау үшін әлі де елеулі әлеует бар

Алматының қонақүй секторы 2025 жылы айтарлықтай ілгерілеу көрсетті: TripAdvisor және Booking.com платформаларындағы пікірлерді талдау нәтижесіне сәйкес, қанағаттанушылық деңгейі 2024 жылмен салыстырғанда 7,4 пунктке артты.

Ағымдағы көрсеткіштер Алматының қонақжайлық саласы қызмет көрсету сапасын белсенді түрде жаңғырту кезеңінде екенін көрсетеді. Алайда аймақтық көшбасшылардың халықаралық стандарттарына жақындау үшін әлі де елеулі әлеует бар.

Қонақүй қызметіне қанағаттанушылық индексі 2025 ж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights


6.2 Алматы – аймақ астаналары арасында премиум сегментінде ұсынысы шектеулі, бірақ бағасы жоғары төрт жұлдызды қонақүйлері бар қала

Booking.com деректеріне жүргізілген талдау Алматының төрт жұлдызды қонақүй сегментінде аймақтық көшбасшы екенін көрсетеді. Бұл санат бойынша көрсеткіш қала ішіндегі

деңгеймен ғана шектелмей, Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі басқа астаналардағы ұқсас көрсеткіштерден де асып түседі.


Қонақтарды орналастыруға дайын бөлмелер саны, мың.

■ 3 жұлдыз ■ 4 жұлдыз ■ 5 жұлдыз



Бір түннің орташа бағасы, USD

■ 3 жұлдыз ■ 4 жұлдыз ■ 5 жұлдыз



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

Сонымен қатар баға саясаты әлі де бәсекеге қабілетті деңгейде қалып отыр: бұл сегментте тұру құны бойынша Алматы Ташкенттен кейін екінші орында.

Бес жұлдызды қонақүй санатындағы бөлмелердің орташа саны бойынша Алматы аймақта Бакуден кейінгі екінші орынды сенімді түрде иеленеді.

Алайда премиум сегментте қаладағы ұсыныстар ең жоғары бағамен ерекшеленеді. Екінші ең қымбат қала – Ташкентпен салыстырғанда орташа айырмашылық 76 долларды құрайды. Нәтижесінде Алматыдағы бес жұлдызды қонақүйлер қарастырылған қалалар арасында ең қымбаты болып отыр.

6.3 2025 жылы қонақ үй бағаларының өсу қарқыны 3 және 4 санаттардағы бағалардың төмендеуіне байланысты тұрақтанды, ал Алматы аймақтағы ең қымбат 5 жұлдызды тұру орны бар қала мәртебесін сақтап қалды


Ұзақ өсу кезеңінен кейін Алматының қонақүй нарығы 2022-2024 жылдары бағаның тұрақтану кезеңіне өтті.

3* қонақ үйлер: бағалар 7%-ға төмендеп, бюджеттік тұру нұсқаларын одан әрі бәсекеге қабілетті етті.

4* қонақ үйлер: бағалар 2%-ға төмендеп, бұл санаттың қаладағы жетекші қонақүй сегменті ретіндегі мәртебесін нығайтты.

5* қонақ үйлер: жалпы трендке қарамастан, 6%-ға артты. Аймақтағы ең қымбат ұсыныстардың бірі бола отырып, люкс сегменті премиум кластағы сұраныстың жоғары болуына байланысты бағаны көтеруді жалғастыруда.

Қонақ үйдегі бір түннің орташа бағасы, \$
2019-2025 жж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

6.4 Қонақтардың Алматыда болу ұзақтығы артты: орташа көрсеткіш 2,8 күннен 3,2 күнге дейін өсті


Бағаның тұрақтануымен қатар, 2025 жылғы негізгі оң трендтердің бірі – тұру мерзімінің ұзаруы. Алматы транзиттік нүкте ретінде емес, дербес туристік бағыт ретінде қабылдана бастады.

Орташа болу ұзақтығы 2,8 күннен 3,2 күнге дейін артты. Негізгі өсім жеке сапарлардың үлесіне тиесілі болды: олардың ұзақтығы 3,0 күннен 3,6 күнге дейін ұзарды. Бұл Алматының демалыс пен табиғатқа негізделген бай бағдарламалары бар lifestyle орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Соған қарамастан, барлық туристердің орташа болу ұзақтығы бойынша Алматы әлі де Баку, Тбилиси және Бішкек қалаларынан төмен көрсеткішке ие. Мұны ішінара туризм географиясымен түсіндіруге болады: Шарын шатқалы немесе Көлсай көлдері сияқты көптеген көрнекті орындар қала сыртында орналасқан, ал бұл бағыттарға жасалған сапарлар қаланың тұру статистикасында әрдайым ескеріле бермейді. Осылайша, туристердің нақты тартылу деңгейі ресми көрсеткіштер көрсеткеннен жоғары болуы мүмкін.

Mastercard карталары бойынша белсенділік негізінде қалада болу ұзақтығы, күн 2025 ж.

● Күндер санының 10-перцентилі (сол жақта) және 90-перцентилі (оң жақта) XX Күн санының медианасы



Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

7 ӘСЕРЛЕР

Қалалық мәдениет пен өнерге қызығушылық барған сайын артып келе жатыр, десе де табиғат пен белсенді демалыс – әлі де туристерді тартудың басты факторларының бірі



7.1 Алматы экотуризм бойынша аймақта көш бастап тұр: Орталық Азия мен Кавказ қалалары арасында табиғаттағы белсенді демалыс пен табиғатқа деген цифрлық қызығушылық деңгейі ең жоғары қала

Цифрлық қызығушылықтарды бөлу бойынша Алматы белсенді демалыс пен экотуризмге қызығушылық деңгейі жоғары қалалардың бірі болып табылады. Жалпы қызығушылықтардың шамамен 80%-ы табиғат, тау туризмі, жаяу серуендеу және табиғаттағы белсенді іс-шаралармен байланысты. Осы бағыт Алматыны Орталық Азия мен Кавказдағы салыстырмалы төрт қаланың арасында айрықша көрсетеді.

Ташкент, Баку, Тбилиси және Бішкек қалаларында мәдениет пен өнерге қатысты тақырыптар, оның ішінде мұражайлар, сәулет және мәдени іс-шаралар жиі аталады.


Бұл қалаларда гастрономия екінші орында, ал Бішкекте туристік қызығушылық көбіне сауда жасауға бағытталған.

Алматыда қызығушылықтың бір санатқа шоғырлануы ең жоғары деңгейде байқалады. Мұндай жағдай тек Тбилисисмен салыстыруға келеді, онда аталғандардың 47%-ы мәдениетке қатысты. Мұндай позициялау Алматы үшін тек ерекше сипат қана емес, сонымен бірге стратегиялық артықшылық та береді: экотуризм бүгінде әлемдік туризмдегі ең жылдам дамып келе жатқан екінші бағыттардың бірі.

Туристік ұсыныстарға қызығушылық

2025 ж.

x% Жалпы аталғандардың ішіндегі туристік ұсыныстар санатының үлесі, %



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

7.2 Алматыға деген қызығушылықтың шамамен 80%-ы табиғаттағы белсенді демалыс пен табиғат аясындағы іс-шараларға бағытталған. Сонымен қатар өнер мен мәдениет саласы қарқынды дамып, туристер үшін жаңа тартымдылық қалыптастырып келеді

Соңғы бес жылда табиғат пен табиғаттағы белсенді демалыс 15 елден келетін туристер арасында Алматының негізгі тартымдылық факторы болып келеді: қызығушылықтың шамамен 80%-ын құрайды, сұраныс тұрақты, маусымдық ауытқу аз.

Осы тұрақты үрдіс аясында мәдениетке деген қызығушылықтың өсуі айқын байқалады: аталымдар үлесі шамамен үш есе артты. Ең жоғары көрсеткіштер сәуір, желтоқсан және әсіресе қыркүйек айларында тіркелді. 2025 жылы үш ірі іс-шара өтіп, екі маңызды мәдени орталық ашылды: Almaty Museum of Arts

(12 қыркүйек) және «Целинный» заманауи мәдениет орталығы (5 қыркүйек).

Ал отбасылық демалыс, керісінше, өз позициясын әлсіретіп келеді: соңғы бес жылда олардың аталу үлесі 9%-дан 1%-ға дейін төмендеді. Алайда бұл тек қызығушылықтың азаюын емес, сонымен қатар отбасылық аудиторияны көбірек тартатын мәдениет, табиғат және белсенді демалыс сияқты нақты форматтарға қызығушылықтың ауысуын да көрсетуі мүмкін.

Санаттар бойынша туристік ұсыныстар үлесі


2021-2025 жж.

Санат	2021	2022	2023	2024	2025
Белсенді демалыс	40,9%	36,9%	31,9%	38,9%	42,7%
Табиғат	34,2%	34,1%	35,3%	33,7%	35,4%
Мәдениет және өнер	6,3%	9,7%	14,5%	11,8%	14,3%
Мейрамханалар	2,7%	5,2%	5,3%	4,6%	3,4%
Түнгі өмір	1,3%	5,9%	3,2%	3,0%	1,8%
Шоппинг	2,7%	2,1%	6,2%	4,3%	1,3%
Отбасылық демалыс	9,4%	5,8%	3,4%	3,0%	0,9%
Спа және сауықтыру процедуралары	2,5%	0,2%	0,1%	0,7%	0,3%

Дереккөз: Mastercard Tourism Insights

2025 жылға арналған алғашқы 3 санат бойынша туристік ұсыныстардың үлесі

2021-2025 жж.



Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty

7.3 Алматы туристерден жоғары баға алады: теріс пікірлердің үлесі 8%-дан аспайды, ал қаланың табиғаты мен мәдениеті қонақтардың ерекше ықыласына ие

Алматы туралы пікір жалпы алғанда оң: 15 елден келген қонақтардың барлық пікірінің 50%-дан астамы оң сипатқа ие. Ең жоғары бағаланған бағыттар туристердің қызығушылығы ең жоғары салалармен сәйкес келеді: белсенді демалыс, табиғат және мәдениет. Дәл осы бағыттарда оң пікірлердің үлесі тұрақты түрде жоғары, ал сын деңгейі мейлінше төмен. Бұл туристердің тілектері мен іс жүзіндегі тәжірибесі сәйкес келетінін көрсетеді.


Керісінше, сауда орындары, спа-салондар және отбасылық демалыс

бағыттарында теріс пікірлердің үлесі жоғарырақ: СПА мен сауықтыру процедураларына қатысты теріс пікірлер 8%-ды, ал отбасылық демалыс бойынша 7%-ды құрайды, алайда бұл бағыттардағы пікірлердің басым бөлігі оң немесе бейтарап сипатта.

Талданған әлеуметтік желілердің танымалдығы әртүрлі болғандықтан, деректер үлгісінің белгілі бір деңгейде біржақты болуы мүмкін екенін және оның туристер ағыны құрылымынан ерекшеленуі ықтимал екенін атап өткен жөн.

Туристік ұсыныстар бойынша пікірлердің бөлінісі*

2025 ж.



*Пікірлердің таралуы келген туристер ағынның құрылымын толық көрсете бермейді: платформалардың әр елдегі танымалдығының айырмашылығына байланысты Ұлыбритания, АҚШ мен Үндістандағы аккаунттардың үлесі басым.

Дереккөз: Mastercard Tourism Insights



Visit Almaty



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

8 ТУРИСТЕРДІҢ ШЫҒЫНДАРЫ

Алматы туризмінен түсетін кірісті ұзақ мерзімді тұрудың артуы және жаңа келушілердің ағыны есебінен көбейтіп келеді: сапар шығындары 15%-ға артты. Бұл ретте күнделікті орташа чек айтарлықтай қымбаттаған жоқ.



8.1 Алматыда болу ұзақтығы туризм экономикасына орташа чек динамикасына қарағанда көбірек әсер етті




2025 жылы Алматыда шетелдік жеке карталар бойынша жалпы шығын көлемі 40%-ға артты. Бұл өсімнің негізгі драйвері қалада болу мерзімінің ұзаруы болды: бір сапарға шаққандағы шығын 15%-ға өсті, ал бір карта бойынша теңгемен есептелген тәуліктік шығын 2%-ға ғана артты. Сапар шығындарының өсуіне қарамастан, Алматы тәуліктік орташа шығындар бойынша Баку мен Ташкенттен кейін 3-орында қалып отыр. Бұл қаланың саяхатшылар үшін қолжетімді әрі қала экономикасы үшін құнды бағыт екенін көрсетеді.

Карточкалық транзакциялар деректері бойынша туризм экономикасының қазіргі өсімі негізінен қалаға келушілер санының артуы мен олардың қалада қалу мерзімінің ұзаруымен байланысты. Сонымен

қатар әр жеке сапар да туристік сала үшін барған сайын тиімді бола түсуде.

Шығын құрылымы өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ: қонақтардың негізгі шығындары мейрамханаларға, әуе билеттеріне және қонақүйлерге тиесілі. Бұл ретте тұру шығындарының нақты үлесі жоғары болуы мүмкін, себебі көптеген туристер тұрғын үйді халықаралық платформалар арқылы брондайды (мысалы, Booking.com және Trip.com). Дәстүрлі бөлшек саудада да, онлайн-маркетплейстерде де сауда шығындарының айтарлықтай бөлігін құрайды. Жалпы алғанда, бұл арналар жеке шығындардың шамамен 15%-ын құрайды.

Шығындардың санаттар бойынша бөлінісі, Алматыдағы шетелдік карталар* бойынша барлық шығынның % 2025 ж.



*Талдау тек талданған 15 елдің банктерінде шығарылған жеке карталарды қамтиды.

Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер



Visit Almaty

8.2 Парсы шығанағы елдері тұрақты көшбасшылықты сақтап қалса да, Алматы Сингапур карталарының көшбасшылығымен және Филиппин мен Германияның орташа күнделікті шығындар бойынша алғашқы 5-тікте болуымен ерекшеленеді

Салыстырылған барлық қала бойынша, карта шығаратын алғашқы 5 елдің орташа күнделікті карта шығындары бойынша құрамы айтарлықтай тұрақты. Көп жағдайда көшбасшылар қатарында АҚШ пен Үндістан, кемінде бір Парсы шығанағы елі және Сингапур орын алады. Алматы ерекше көзге түседі: бұл Филиппин мен Германия алғашқы 5-тікке кіретін жалғыз қала, ал АҚШ тек 6-шы орында.

Алматының 2024 жылғы деректерімен салыстыру да маңызды: сол кезде Филиппин мен Сингапур карталар санының аздығына байланысты рейтингке енбеді, алайда осы елдердің карталары бойынша шығын деңгейі жоғары болды.

2025 жылы Филиппин Алматының алғашқы 5-тігіне енді және бұл қаланы салыстырмалы орташа шығындарды ескере отырып, Филиппин карталары әдетте жеткіліксіз болатын басқа жерлерден ерекшелендіреді. Қатар бойынша да ұқсас жағдай байқалады: карталар саны жеткіліксіз болғандықтан, ол көбіне рейтингке енбейді (Тбилисиді қоспағанда), бірақ тәуліктік орташа шығын көрсеткіші жоғары. Жалпы алғанда Алматыда көшбасшы елдердің құрамы жылдан жылға айтарлықтай өзгермейді, бірақ бір елеулі ерекшелік байқалады: Франция 2025 жылы алғашқы 5-тіктен шығып, жыл соңында талданған елдер арасында соңғы орынға түсті.

Картаға жұмсалатын орташа күнделікті шығындар бойынша карта шығаратын алғашқы 5 ел* 2025 ж.

	Алматы	Ташкент	Баку	Тбилиси	Бішкек
№1	 Сингапур	 АҚШ	 АҚШ	 Сауд Арабиясы	 Сауд Арабиясы
№2	 БАӘ	 Сауд Арабиясы	 Үндістан	 БАӘ	 БАӘ
№3	 Үндістан	 БАӘ	 Сауд Арабиясы	 АҚШ	 Қытай
№4	 Филиппин	 Қытай	 БАӘ	 Қатар	 Түркия
№5	 Германия	 Сингапур	 Сингапур	 Үндістан	 АҚШ

*Рейтингтің дәлдігін арттыру мақсатында 2025 жылы қалада пайдаланылған карталардың кемінде 20-перцентилін құрайтын елдер ғана рейтингке енгізілді. Халықаралық онлайн платформалардың жоғары үлесіне байланысты есептеуге әуе билеттерін сатып алу бойынша транзакциялар кірмейді.

Дереккөз: Mastercard бойынша транзакциялық деректер



АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

9

БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

2026 жылы Алматы қолжетімділікті де, саяхат тәжірибесін де бір мезгілде жақсартуды көздейді: кеңейтілген халықаралық әуе желісі қалаға келу кедергілерін азайтады, ал жаңа мәдени, ғылыми және білім беру кеңістіктері Алматыны одан да тартымды туристік бағытқа айналдырады

9.1 Алматы халықаралық әуе желісін кеңейтіп келеді: 2026 жылы екі жаңа ел қосылып, Қытаймен әуе қатынасы артады

2026 жыл Алматы үшін жаңа әуе бағыттарын дамыту тұрғысынан маңызды жыл болады деп күтілуде: халықаралық маршруттар желісіне екі жаңа ел қосылады. Тайландқа¹⁰ рейс 2025 жылдың желтоқсанында ашылды, ал биыл маусымдық жазғы бағдарлама аясында Польша¹¹ мен Кипрге¹² тұрақты маршруттар ашылады деп күтілуде. Бұл ұшу бағыттарының географиясын кеңейтіп, туристер ағынын келу мақсаттары мен маусымдық тұрғыдан әртараптандыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар қолданыстағы бағыттар бойынша, ең алдымен Қытаймен әуе қатынасының көлемі артып келеді: Чэндуға¹³ рейс 2025 жылдың желтоқсанында ашылды, ал наурыз айында Шанхайға¹⁴ жаңа тұрақты рейс іске қосылады. Бұл Алматының Қытай туризмі үшін аймақтағы негізгі орталық ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталған маңызды қадам болуы мүмкін.

2026 жылы Алматыдан тікелей әуе рейстерінің болжамы

Елге әуе қатынасы:


Бар

2025-2026 жылдары ашылады

Қалаға әуе қатынасы:

Бар және рейстер саны артады

2025-2026 жылдары ашылады



Дереккөздер: AirAsia Newsroom¹⁰, Tengri News¹¹, Air Astana.com^{12,14}, Kazinform International News¹³



Visit Almaty

9.2 Жаңа мәдени және ғылыми кеңістіктердің пайда болуы отбасылардың өнерге деген сұраныс пен қызығушылықтың өсуіне ықпал етеді

2026 жылғы жаңа ашылулар сұраныстағы екі негізгі өзгеріспен сәйкес келеді: отбасылық туризмнің өсуі (екі бастама негізінен балалар мен жас аудиторияға бағытталған) және Алматыда мәдениет пен өнерге қызығушылықтың күшеюі.

Нәтижесінде қала дәстүрлі мұражайларды толықтыратын әрі мәдени өмірді Алматы тұрғындары мен туристер үшін тартымды ететін жаңа демалыс форматтарын қалыптастырып келеді.



«Райымбек батыр»¹⁵ мұражай кешені

Кешен заманауи сәулет стилінде салынған ескерткіш, сондай-ақ мультимедиа, 3D модельдер және тарихи реконструкциялар арқылы батырдың өмірі мен дәуірін таныстыратын интерактивті экспонаттары бар көрме залдарын қамтиды. Кешен дәрістер, семинарлар және шеберлік сабақтарын өткізуге арналған білім беру кеңістіктерімен толықтырылады.

Балаларға арналған ғылыми мұражай¹⁶

ТМД-дағы алғашқы интерактивті мұражай балалардың STEM саласындағы құзыреттерін дамытуға бағытталады. Кеңістік Science Museum Singapore-мен бірлесіп әзірленуде. Негізгі назар ақпаратты пассивті қабылдаудан гөрі тәжірибе, эксперимент және ойын форматтарына беріледі, бұл қаланы отбасылық туризм үшін тартымды етеді.



Observatorium¹⁵ мұражайы

Мұражай ғылымға, астрономияға және заманауи технологияларға арналады. Бағдарлама ғарыш тақырыбындағы интерактивті экспонаттарды, эксперименттер өткізілетін зертханаларды, мультимедиялық қондырғылар мен виртуалды модельдеулерді, сондай-ақ робототехника және физика бойынша модульдерді қамтиды. Соңғы акцент – телескоппен жабдықталған бақылау аймағы. Сонымен қатар AI элементтерін енгізу жоспарлануда: VR-путешествие по Вселенной и робот-экскурсовод












Visit Almaty

ЕСЕПТИҢ ӘДІСНАМАСЫ

Есеп 15 елге бағытталған: Алматы қаласында пайдаланылатын халықаралық карталардың эмиссиясы, сондай-ақ кіріс әуе қатынасы, әуе билеттерін іздеу, тұруды брондау және туристік ұсыныстарды іздеу негізгі осы елдерде жасалады

Талданатын елдер тізімі

Азия

-  Үндістан
-  Қатар
-  Қытай
-  Малайзия
-  Сауд Арабиясы
-  Сингапур
-  БАӘ
-  Филиппин
-  Оңтүстік Корея

Еуропа





-  Ұлыбритания
-  Германия
-  Италия
-  Түркия
-  Франция

Америка

-  АҚШ

Алматының туристік профилі **Орталық Азия мен Кавказдың 4 қаласымен** салыстырылды. Көрсеткіштер туристер ағынының негізгі қайнар көзі саналатын 15 негізгі ел бойынша да есептелген.

Салыстырылатын елдер тізімі

-  **Баку**
Әзербайжан
-  **Бішкек**
Қырғызстан
-  **Ташкент**
Өзбекстан
-  **Тбилиси**
Грузия

Есеп Mastercard-тың иесіздендірілген агрегатталған транзакциялық деректеріне, сондай-ақ сыртқы дереккөздердің кең жиынтығын біріктіретін **Mastercard Tourism Insights** аналитикалық платформасына негізделген. Олардың қатарына метаіздеу және ашық онлайн-деректер, сондай-ақ халықаралық агенттіктер мен салалық провайдерлердің статистикасы мен индикаторлары кіреді

Негізгі деректер көзі



Mastercard карталары бойынша транзакциялық деректер

Алматыдағы және салыстырмалы қалалардағы шығындар, тұру ұзақтығы



Авиация және туризм аналитикалық агенттіктерінің деректері

Әуе билеттерін іздеу және сатып алу, әуе қатынасы



Instagram, X

Туристік ұсыныстар мен орындарды атап өту



Booking.com, TripAdvisor, Expedia

Қонақ үй брондау, қонақ үй және туристік өнімдерге шолу, турист профильдері



Visit Almaty

ДЕРЕККӨЗДЕР

1. World Economic Forum (2025 ж. шілде). Insight Report: Travel and Tourism at a Turning Point <https://www.weforum.org/publications/travel-and-tourism-at-a-turning-point-principles-for-transformative-growth/>
2. UN Tourism (2025). UN Tourism Data Dashboard – Key Indicators. International Tourists Arrivals 2019-2025. <https://www.untourism.int/tourism-data/un-tourism-tourism-dashboard>
3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (2023). 2023 жылға арналған жылдық есеп. <https://qaztourism.kz/ru/about-company/reporting/>
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы (2025). Кіріс туризм бойынша келушілер саны. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/>
5. Tengri Travel (2025 ж. желтоқсан). Қытай, Үндістан және басқа да елдер: Қазақстанға туристер көп келетін елдер аталды. <https://tengrinews.kz/my-country/kitay-indiya-ne-tolkonazvan-top-stran-otkuda-kazakhstan-589095/>
6. World Economic Forum (2024). Travel & Tourism Development Index 2024. <https://www.weforum.org/publications/travel-tourism-development-index-2024/>
7. gov.kz. (2023 ж. ақпан) Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/documents/details/429828?lang=ru>
8. Bloomberg (2025 ж. желтоқсан). 25 Best Places to Travel in 2026. <https://www.bloomberg.com/graphics/best-places-to-travel-2026-guide/>
9. CNN (2025 ж. қаңтар). Where to go in 2025: The best places to visit. <https://edition.cnn.com/travel/best-destinations-to-visit-2025>
10. AirAsia Newsroom(2025 ж. қыркүйек). Thai AirAsia X launches direct flights to Almaty. <https://newsroom.airasia.com/news/thai-airasia-x-launches-direct-flights-to-almatykazakhstans-alpine-gem-from-1-december-2025-visa-free>
11. Tengri News (2025 ж. қазан). Алматы - Варшава: шетелдік әуе компаниясы рейс ашты. <https://tengrinews.kz/my-country/almaty-varshava-zarubejnaya-aviakompaniya-zapuskaet-reys-583782/>
12. Air Astana (2025). Қазақстаннан Кипрдің Ларнака қаласына рейстер. <https://airastana.com/uk-ru/booking-form/flights-to-larnaca>
13. Kazinform International News Agency (2025 ж. желтоқсан) Direct flight linking Kazakhstan’s Almaty and China’s Chengdu launched <https://qazinform.com/news/direct-flight-linking-kazakhstans-almaty-and-chinas-chengdu-launched>
14. Air Astana (2025). Алматыдан Шанхайға рейстер. <https://airastana.com/uk-ru/booking-form/flights-to-shanghai>
15. gov.kz (2026 ж. қаңтар). Алматыда «Райымбек батыр» кесенесі заманауи мұражай-мемориалдық кешенге айналады <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty/press/news/details/1150083?lang=ru>
16. Алматыдағы балалар ғылыми мұражайы (2026). <https://sciencemuseum.kz/>



Visit Almaty

БАЙЛАНЫС

Mastercard

Санжар Жамалов

Қазақстан мен Орталық Азиядағы
Mastercard бас директоры
Sanzhar.Zhamalov@mastercard.com

Эля Мамлеева

Вице-президент, ТМД елдеріндегі
консалтингті дамыту басшысы
Elya.Mamleeva@mastercard.com

Бакай Мадыбаев

Вице-президент, ТМД елдеріндегі
консалтинг бағытының басшысы
Bakai.Madybaev@mastercard.com

Зарина Бакенова

Орталық Азия бойынша мемлекеттік
сектордағы бизнесті дамыту жөніндегі
директоры
Zarina.Bakenova@mastercard.com

Ольга Рудковская

Консалтингті дамыту жөніндегі аға
басқарушы консультант
Olga.Rudkovskaya@mastercard.com

Сергей Попов

Аға басқарушы консультант
Sergey.Popov@mastercard.com

Visit Almaty

Токсеитова Галия Ерлановна

Алматы қаласы туризм
басқармасының басшысы
tokseitovag@gmail.com

Сымбат Жорабаева

Аналитика және қолдау құралдарын
енгізу бөлімінің аналитигі
Symbat.Zhorabayeva@visitalmaty.kz

ҚАТЫСУЫМЕН ӨЗІРЛЕНГЕН

Mastercard

Сергей Попов

Аға басқарушы консультант

Ирина Пономаренко

Консультант

Мирас Хабибулла

Консультант



Visit Almaty



ALMATY
TOURISM
BUREAU

Visit Almaty

Disclaimer

© 2026 MasterCard International Incorporated. All rights reserved.

This document is provided for general informational purposes only and on a non-binding basis. It does not create any obligations, commitments, or assurances on the part of Mastercard. Mastercard may withdraw from any related discussions at any time without liability or further obligation, except with respect to confidentiality where applicable.

The information contained in this report, including any market insights, regulatory observations, analyses, projections, or estimates, is provided for illustrative purposes only. No representation or warranty is made as to the accuracy, completeness, or reliability of the information, and there can be no assurance that any projections, estimates, or expectations presented will be achieved or that the analysis is error-free. Any forward-looking statements are based on current assumptions that may change, and actual outcomes may differ. Mastercard does not accept responsibility for any decisions made based on this report.

Unless expressly stated otherwise, the contents of this report are confidential and proprietary to Mastercard and may not be disclosed, distributed, or used for any purpose other than review and internal evaluation without Mastercard's prior written consent.

All brands, logos, trade names and marks referred to herein ("Trademarks") are the property of their respective trademark holders. Mastercard does not make any representations in relation to any third-party Trademarks. Any references to such Trademarks in this document are for informational purposes only and do not constitute any affiliation, endorsement, and/or sponsorship of the Trademarks, the underlying products, and/or the Trademark holders. You are solely responsible for seeking the prior consent of the Trademark holder for any use of a Trademark.